

**«Отырар аудандық орталық ауруханасы» МКК «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңның орындалуын
жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту
отырысының**

№ 12 ХАТТАМАСЫ

Шәуілдір ауылы

09 қазан 2023 жыл

Жиналыс төрағасы: «Отырар аудандық орталық ауруханасы» МКК-ны
басшысының м.а. Б.Әбдімәлік

Хатшысы: заңгер П.Шертаева

Қатысқандар:

Кәсіпорын қызметкерлері

Күн тәртібінде:

Тақырып: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізудің үлгілік қағидалары (ҚРМҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12
бұйрығы) бойынша түсінік беру.

Жиналысты «Отырар аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның
басшысының м.а. Б.Әбдімәлік күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»
(ҚРМҚІСҚА 206 жылдың 19 қазанында №12 бұйрығы) бойынша түсінік
берді.

Жалпы ережелер:

1. Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидалары (Бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл туралы» ҚР Заңның 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және
мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
субъектілері) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
тәртібін, айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері
бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін
себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) объективтілік;
- 2) сенімділік;

3) айқындық;

4) жан-жақтылық

қағидаттарында

жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде-оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады. Бұл ретте, осы Үлгілік қағидаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшылары деп мемлекеттік органның және оның ведомствосының, ұйымның басшылары, сондай-ақ олардың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары түсініледі.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомствоға бағынысты ұйымның, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі-талдау объектісі) қызметі болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау объектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілеттік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі-жұмыс тобы) жүргізеді.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтижелерін талқылауға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің жанынан болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылды.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай:

1) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы;

2) осы Үлгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мен қамтитын кезең;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, осы тармақтың бірінші

бөлігінде көрсетілген мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісі басшысының бұйрығы негізінде, 15 жұмыс күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі. Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген мерзімдер осы Үлгілік қағидалардың 13-тармағында белгіленген жекелеген мәселелер бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауларына қолданылмайды.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

12. Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

13. Мынадай мәселелер талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

1) персоналды басқару оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) осы Үлгілік қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау;

2) осы Үлгілік қағидалардың 18,19,20 және 21-тармақтарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;

4) осы Үлгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шараларын қабылдау.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- 3) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің талдау объектісінің қызметі туралы деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 11) талдау объектісінің қызметшілерін, жұмыскерлерін сұрастыру (сұхбат) нәтижелері;
- 12) ҚР-ның заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.

16. Талдау объектісінің жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлғаға, жұмыс тобына осы Үлгілік қағидалардың 15- тармағында көзделген ақпарат көздерін ұсынады, талдау объектісінің қызметіне қатысты ҚР заңнамасында нормаларын қолдану практикасын түсіндіреді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарлайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мыналарды қамтитын талдамалық анықтама жасалады;

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі.

18. Талдамалық анықтама талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі;

19. Талдамалық анықтамаға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталған күннен бастап 10-жұмыс күннен кешіктірмей қол қояды.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

20. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін әдеп жөніндегі уәкілдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер және өзге де құрылымдық бөлімшелер немесе мемлекттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР-ның заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланады.

22. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылауға жол беріледі.

23. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс шаралар жоспары) осы үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді.

24. Іс-шаралар жоспарын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысы талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей бекітеді.

25. Талдамалық анықтама ижәне іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде құпиялық режимн қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе ҚР заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурснда орналастырылады.

26. Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолмен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет құпияның режимн қамтамасыз етуді, қызметтік, комерциялық немесе ҚР-ның заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органның, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет ресурснда орналастырылады.

27. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарды орындау кезінде жобалық басқару тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру керек деп сөзін аяқтады.

Баяндамашыға сұрақтар беріліп, барлығына толық жауап қайтарылды.

Жиналыс төрағасы

Жиналыс хатшысы

Б.Әбдімәлік

П.Шертаева